

Бекітемін:-----

«Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы  
МКҚК-ның меңгерушісі: П. Б. Жүніс



# **«Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ның 2023–2024 оқу жылына жылдық жұмыс жоспары**

**2023-2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы**  
**Ордабасы ауданы «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік**  
**коммуналдық қазыналық кәсіпорын туралы мәліметтер**

**I. Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы**

**Ұйымның атауы: «Бүлдіршін»**

**Мекенжай** (заңды мекенжай және нақты орналасқан мекенжай): Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауылдық округі, Темірлан елді мекені, Сейтқасымов № 1

**Заңды тұлғаның байланыс деректері: 2-00-51**

**Телефон / факс: 8-776-333-30-74**

**Электронды пошта: buldirshin2015@mail.ru**

**Веб-сайт:**

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері** Жүніс Перизат Бегманқызы

**Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары** (МДҰ Жарғысы):

**Рұқсат беру құжаттары** (МДҰ қызметінің басталуы туралы хабарлама):

**Ұйым түрі:** мектепке дейінгі ұйым

**Меншік нысаны:** мемлекеттік

**Ғимараттың түрі:** типтік, екі қабатты

**Пайдалануға берілген жылы: 28 наурыз 2011ж**

**Ғимараттың салынған жылы: 1975ж**

**Оқу тілі:** қазақ

**Топтар саны: 6**

**Тәрбиеленушілер саны: 130**

**Топтар саны және олардың ерекшелігі, тәрбиеленушілердің саны**

<b>№ р/с</b>	<b>Топтың атауы</b>	<b>Жас ерекшеліктері кезеңдері</b>	<b>Жас топтары</b>	<b>Бағыттылық</b>	<b>Тәрбиеленушілер саны</b>	<b>Тәрбиешілер</b>
1	«Балақай»	2 жас	Кіші топ	жалпы дамыту	20	Жусипбекова Ф Нұрымбетова О
2	«Балақай 2»	2 жас	Кіші топ	жалпы дамыту	20	Джамбулова Ш Жамашева Ж
3	«Балапан»	3 жас	Орта топ	жалпы дамыту	25	Жусипова М Пардабаева М
4	«Балдырған»	3 жас	Орта топ	жалпы дамыту	25	Ералива П Қамбарова Г
5	«Балауса»	4 жас	Ересек топ	жалпы дамыту	25	Абдурахманова Асылбекова Ф

6	«Балдәурен»	5 жас	МАД тобы	жалпы дамыту	25	Абу Н Қоршабаева А
---	-------------	-------	----------	--------------	----	-----------------------

## ПЕДАГОГТЕРДІҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

Мектепке дейінгі ұйымның ұжымы штат кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

Қызметкерлердің педагогикалық құрамы - 15 адам.

Оның ішінде: 1\_ басшы, 1\_ әдіскер, 1\_ педагог-психолог, 12\_ тәрбиеші,

Педагогтер құрамын талдау (білімі мен санаты)	Саны	Педагогтердің жалпы санынан, %
Педагогикалық жоғары білім	14	90%
Мектепке дейінгі жоғары білім	2	30 %, педагогтердің жалпы санынан: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер)
Мектепке дейінгі арнайы орта білім	1	10 %, педагогтердің жалпы санынан: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер)
Басшы-ұйымдастырушы	1	8%
Жоғары санат Зерттеуші	0	
Бірінші санат	2	13%
Екінші санат	2	13%
Модератор	8	53%
Санаты жоқ	2	13%

Мектепке дейінгі ұйымда жұмыс істейтін барлық педагогтердің тиісті педагогикалық білімі бар:

педагогтердің \_ % педагогикалық жоғары білімі бар;

педагогтердің \_ % мектепке дейінгі жоғары білімі бар;

педагогтердің \_ % мектепке дейінгі арнайы орта білімі бар.

Біліктілік санаттары жоқ педагогтер — жас мамандар.

### Педагогтердің еңбек өтілі.

<b>Оқу жылы</b>	<b>0-5 жыл</b>	<b>5-10 жыл</b>	<b>10-20 жыл</b>	<b>20 және одан артық</b>	<b>Барлығы</b>
2023–2024 оқу жылы	2	0	10	3	15

**2022–2023 оқу жылының оқу-тәрбие процесін талдау**  
**«Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы МКҚК**

Ордабасы аудандық білім бөліміне қарасты МКҚК «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы мына мекен-жай бойынша орналасқан: Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауыл округі, Темірлан елді мекені, ПМК, Сейтқасымов № 1

**Балабақша паспорты**

«Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы МКҚК

Пошталық индексі 160600

Жоба қуаттылығы 140

Тіл оқыту(қазақша, орысша, аралас)-қазақ тілі

Ғимарат түрі- 2-қабатты

Жалпы көлемі пайдалы-1225,4

Қолдануға берілген жылы - 2010 жыл

Құрылыс ауданы - 1346

Пайдалы алаңы – 1346

Күрделі жөндеуден өткен жылы -2011 жыл

Балабақша мекемесі екі қабатты, онда балалардың ойын бөлмелері, жатын бөлмелері және меңгеруші, медициналық, әдіскер бөлмелері орналасқан. Асхана, кір жуатын орын және басқа да шаруашылық құрылыстар мекемеден бөлек жайда орналасқан. Балабақша 2011 жылы 4 топпен жұмыс бастады «Балапан» бағдарламасы аясында 2012 жылы тағы 2 топ іске қосылды, яғни 140 баламен жұмыс жасай бастады, қазіргі таңда 6 – топпен, бала саны - 140 баланы құрап отыр.

Жұмыс уақытысы таңғы сағат 8<sup>00</sup> – 18<sup>30</sup>- ге дейін .

- 1) Ерте жас топ 1 жастан бастап
- 2) Кіші топ 2 жастан бастап
- 3) Ортаңғы топ 3 жастан бастап
- 4) Ересек топ 4 жастан бастап
- 5) Мектепалды тобы 5 жастан бастап

## Тәрбиеленушілер құрамы .

№	Тобы	Бала саны
1	«Балақай» кіші тобы	20
2	« Балақай 2 » кіші тобы	20
3	« Балапан» ортаңғы тобы	25
4	« Балдырған » ортаңғы тобы	25
5	«Балауса» ересектер тобы	25
6	« Балдәурен» МАД тобы	25

Балабақша өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Білім туралы» Заңын, Еңбек кодексін, тағы да басқа нормативтік-құқықтық актілерді, білім беру ұйымының Жарғысын басшылыққа алады.

Балабақшадағы оқу-тәрбие үрдісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған үлгілі оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі.

5-7 жастағы балаларға арналған ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы. Астана 2009ж.

Баланы оқыту, дамыту және тәрбиелеу бес дағды шеңбері: «Физикалық қасиеттер», «Коммуникативтік дағдылар» «Танымдық және зияткерлік дағдылары» Балалардың шығармашылық дағдылары «Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары» құзыреттілігі бойынша жүзеге асырылуда. Барлық салалар бір-бірімен үздіксіз байланыста болғандықтан, педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда оқу іс-әрекетінің кіріктірілген, «саяхат», театрландырылған, ойын-сауық, т.б. тиімді түрлерін қолданудамыз. Баланың дамуын тұрақты қадағалау, тиісті қорытындылар жасау, оның алға жылжуын болжамдауға мүмкіндік беретін индикатор жүйесі арқылы аралық, қорытынды тест жүйесі жүргізіліп, мониторингтер жасалып тұрады.

Топ бөлмелері де қазіргі заман талабына сай жабдықталып, қабылдау, ойын, жатын бөлмелері ретінде өз функцияларын атқаруда. Топтарда белсенді ойын орталықтары бес дағды функциясына сай ұйымдастырылған. Тәрбиешілер орталықтарда зерттеу іскерлігі бойынша материалдармен толықтырып, балаларды ынталандырып отырады.

Біздің педагогтар жеке практикадағы тәжірибесін саналы жетілдіріп отырады, ал педагогикалық ұжым әрқайсының кәсіби шығармашылығын қолдайды. Олар үнемі өз білімін, қабілетін дамыту және жаңаны ойлап табу жолында жұмыс істейді. Әрбір педагог өткізілетін іс-шараларға әртістік қабілеттерін шындап ізденімпаздылықпен, қызықты өтуіне жауапкершілікті дайындықпен келеді.

Алға қойылған міндеттемелерді орындау үшін балабақшадағы жас ерекшелік топтардың тәрбиешілері әр баланың ойлау қабілетін, білік білім дағдыларын дамыту үшін пәндік-дамытушы ортасын жасай білді. Барлық қызмет түрлері үшін қолайлы жағдай жасау бойынша педагогтар балалармен және олардың ата-аналарымен жоспарлы жұмыс жүргізіп білім бағдарламасының орындалуына ықпалын тигізді. Балабақшаның педагогтары мен мамандары балалардың көркем-эстетикалық тәрбиесін, белсенді қимылын, ойын қызметін, тілін дамытуға ат салысты.

Негізі болып бөбекжай-балабақшаның ұжымы өзі табылады.

### **Кадрлармен жұмыс Педагогикалық кеңестер**

Балабақшаның қызметі педагогикалық кеңесте қарастырылады. Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысын талдау және жетілдіру мәселелерін, педагогикалық кадрлардың жалпы педагогикалық мәдениетіне, педагогикалық шеберлігіне және рухани өсуіне қатысты мәселелердің шешімін табамыз. Қарастырылатын мәселелер шеңбері әртүрлі, бірақ балаларды тәрбиелеу, оқыту және сауықтыру балабақшаның негізгі міндеті.

Балаларды тәрбиелеу және оқыту нормативтік-құқықтық құжаттарға және бекітілген жылдық жоспарға сәйкес іске асырылады. 2022-2023 оқу жылына 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңестердің тақырыптары жылдық міндеттерді көрсетеді.

### **Өндірістік кеңес**

Жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 4 өндірістік кеңес белгіленген уақытта өткізілді. Өндірістік кеңесте қаралған жоспарлы мәселелер:

Балабақшадағы 2022-2023 оқу жылының жұмыстағы ішкі еңбек тәртібін бекіту.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық.

Төтенше жағдай кезіндегі қызметкерлердің іс-әрекетін талқылау.

Жаңа оқу жылына дайындықтың қорытындысы.

Топтың санитарлық-гигиеналық жағдайы.

«Үздік денсаулық бұрышы», «Үздік театр бұрышы», «Үздік топ ауласы» атты көру байқаудың қорытындылары жарияланды.

Бөбекжай-балабақша қызметкерлерінің «Ішкі еңбек тәртібі ережелерін» және лауазымдық нұсқаулардың орындалуы жөнінде.

Балабақшаның қысқы жылыту маусымына дайындығы туралы.

Балалар ауруын, балалардың балабақшаға қатынасуын талдау.

Балалардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша бақылау қорытындысы.

Жаз мезгіліне педагогикалық кадрларды орналастыру туралы.

### **Меңгеруші жанындағы кеңес**

1 жылда жоспарланған бес меңгеруші қарамағындағы жиналыс уақтылы өткізілді. Ондағы қарастырылған мәселелер:

Педагогикалық кадрларды аттестаттау туралы. 2022-2023 оқу жылына біліктілік санатына 5 педагог өтініш берген

«Тіл мерекесі», «Алтын күз», «Тұңғыш Президент күнін мерекелеу», «Тәуелсіздік Күні», «Жаңа жыл», «8-Наурыз», «22-Наурыз», «1Мамыр», «9Мамыр-Жеңіс күні», «15Мамыр-Отбасы күні», «1маусым-Баларды қорғаукүні» ертеңгіліктер сценарийлері бекітілді.

Ата-аналардың әлеуметтік мониторингі топ бойынша жүргізіліп 2022-2023 оқу жылына ата-аналардың әлеуметтік паспорты құрастырылды.

«Балалар тамағын ұйымдастыру, тамақ нормасын дұрыс орындалуы» бойынша сараптама жүргізіліп, қорытынды шығарылды.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде нұсқаулықтар жүргізілді.

Қысқы демалыс кезіндегі жұмыс жоспары түзіліп бекітілді.

Балалардың құзыреттілігі, жарты жылдық және жылдық мониторинг қорытындылары, «Жаңа оқу жылына топтың дайындығы», «Ең үздік денсаулық бұрышы» көру-байқаулары қорытындылары шығарылды.

### **Әдістемелік жұмыс**

Балабақшаның жұмыс жүйесінде әдістемелік жұмыс ерекше орын алады. Мектепке дейінгі білім мазмұнының жаңартылуы педагогтың бастамасына, шығармашылығына және әдістемелік іс-шараларға қатынасуына тікелей байланысты. Әдістемелік жұмыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізіліп жатыр. Педагогикалық кеңеске, семинарларға, кеңес беруге баяндамаларды дайындау педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруына ықпалын тигізді. Балабақшаның бүкіл қызметі мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың ең биік нәтижеге жеткізуіне бағытталған.

Оқу-тәрбие процесі мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартының талаптарын есепке ала отырып құрастырылған.

Әр педагогикалық кеңес қарсаңында ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері жоспар бойынша өткізілді. Бес білім саласы кіріктірілген кешенді оқу іс-әрекеттердің жаңа өтпелі тақырып бойынша құрастырылып тапсырылды. Оқу жүктемесі санитарлық-гигиеналық талаптарға сай.



## 2022-2023 оқу жылында жоспарға сай өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері

№	Тақырыбы	Тобы	Жауаптылар
1	«Физикалық қасиеттер» дағдылар	Барлық топтар	Топ тәрбиешілері
2	«Коммуникативтік дағдылар»	Барлық топтар	Топ тәрбиешілері
3	«Танымдық және зияткерлік дағдылар	Барлық топтар	Топ тәрбиешілері
4	«Балалардың шығармашылық дағдылары	Барлық топтар	Топ тәрбиешілері
5	«Әлеумет – эмоционалдық дағдылар	Барлық топтар	Топ тәрбиешілері
6	Пән мұғалімдерінің АҰІӨ	Орта, ересек топтар	Пән жетекшілері
7	«Бір жылда біз не үйрендік?» қорытынды АҰІӨ	Барлық топтар	Топ тәрбиешілері

Оқу жылы барысында балабақшада өткізілген барлық іс-шараларына (ойын-сауық, ертеңгілік, мерекелер, байқауларды ұйымдастыру, музыкалық залды тақырыптарға сәйкес безендіру, ертеңгіліктердің ерекше сценариін ойлап жазу т.б.) тікелей қатысқан педагогтардың кәсіби шеберлігінің тиісті деңгейде екенін көрсетті.

### Ертеңгіліктер. Байқаулар. Көрмелер.

Оқу жылына жоспарланған дәстүрлі іс-шаралар – ертеңгіліктер, дене шынықтыру-спорттық іс-шаралар, көрмелер, байқаулар белгіленген мерзімінде тиісті деңгейде өткізілді.

1	«1 қыркүйек – Білім күні» тақырыптық сағат.	Қыркүйек	Муз.жетекшісі.Тәрбиешілер
2	Тіл мерекесіне - «Мемлекеттік тіл – менің тілім». (слайдты қолдануымен)	қыркүйек	Муз.жетекшісі.Тіл мамандары
3	«Алтын күздің сандығы».	Қазан	Муз.жетекшісі.Тәрбиешілер
4	«Тұңғыш Президент күнін мерекелеу».	Қараша	Муз.жетекшісі.Тәрбиешілер
5	«Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз».	Желтоқсан	Муз.жетекшісі.Тәрбиешілер
6	«Қош келдің, Жаңа жыл, бақшамызға!».	Желтоқсан	Муз.жетекшісі.Тәрбиешілер, Мұғалімдер
7	«8-наурыз Аналар мерекесі»	Наурыз	Муз.жетекшісі.Тәрбиешілер, Мұғалімдер
8	«22 наурыз-Әз -Наурыз»	Наурыз	Муз.жетекшісі.Тәрбиешілер, Мұғалімдер
9	«1мамыр- Ынтымақ пен Бірлік күні»	Мамыр	Муз.жетекшісі,Тәрбиешілер, Мұғалімдер

10	«9мамыр-Ұлы Жеңіс мейрамы »	Мамыр	Муз.жетекшісі.Тәрбиешілер, Мұғалімдер
11	«15 мамыр-Отбасы күні»	Мамыр	Әдіскер,психолог
12	«Қош бол балабақшам»	Мамыр	Муз.жетекшісі,Тәрбиешілер,
13	«Балаларды қорғау күні»	Маусым	Муз.жетекшісі,Тәрбиешілер,

### **Байқаулар:**

1	«Жаңа оқу жылына дайынбыз»	қыркүйек	Әдіскер,тәрбиешілер
2	«Үздік топ бұрышы».	қазан	тәрбиешілер, ата-аналар
3	«Бұрымды қыз»	наурыз	Топ тәрбиешілер,ата-аналар

### **Көрмелер:**

2	«Алтын күздің сыйы»	қазан	Тәрбиешілер
3	«Жасай бер, Қазақстан!» - балалар шығармашылығы.	қараша	Тәрбиешілер
4	«Қыс -қызығы» (ата-аналар мен балалардың жасаған жұмыстары).	желтоқсан	Тәрбиешілер
5	«Қуыршақ-өз қолыммен»	наурыз	тәрбиешілер,ата-аналар

### **Бақылау және басқару**

Жоспарлы және жүйелі зерттеу, талдау және бақылау әрбір тәрбиеші жұмысының жағымды жақтарын көрсетеді және де кемшіліктерін анықтауға көмектеседі. Педагог жұмыс барысында өзін-өзі талдай алса, өз-өзіне бақылау жасаса және өзін-өзі бағалай білсе алдағы жұмысы онтайлы нәтижелер беретіні анық.

Балабақшадағы оқу-тәрбие процесінің жағдайын бақылау мақсатында оқу жылы барысында жоспарланған тексеру бақылаулар өткізілді:

Бақылау және басқару оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын бақылауды іске асыру кестесі арқылы жүзеге асырылып отырды. Шолу, ескерту, жедел, тақырыптық, салыстырмалы тексеру әдістерімен жүзеге асырылды.

Балалар өмірі мен денсаулығын сақтау; күн тәртібінің орындалуы; балалар тамақтануын ұйымдастыру; ертеңгілік жаттығу; шынықтыру шаралары; ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтау; ас блогі, топтың тазалық жағдайы үнемі бақылауда болды. Бақылау нәтижесіндегі кемшіліктер ескеріліп балабақша қызметкерлеріне бағыт-бағдар беріліп тұрды

### **Ата-аналармен жұмыс.**

Ата-анамен жұмыс жүргізу - бұл балабақшаның және педагогтың қызметіндегі күрделі және өте маңызды бөлігі. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және жалпы тәрбиелеудің басты мақсаттарының бірі - балабақшаның отбасы және әлеуметпен қарым-қатынасы.

Жыл басында алынған тәрбиеленушілердің отбасының әлеуметтік жағдайын зерттеу нәтижелері ата-аналар контингенті біркелкі еместігін, олардың түрлі мақсаттары мен құндылықтары, білімге жоғарғы талаптары бар екенін, баласына жақсы білім беруге құштар екенін көрсетеді. Қазіргі таңда балабақшаның негізгі міндеттерінің бірі болып барлық ата-аналардың қажеттілігін қанағаттандыру. Ал бұл мәселе тек қана жалпы қоғамның, әлеуметтің, ата-ананың бірлескен жұмысы, шығармашылығы арқылы қол жеткізуге болады.

### ***Ата-анамен жұмыс жүргізудің негізгі бағыттары:***

- Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін және педагогикалық-психологиялық сауаттылығын арттыру.
- Ата-аналарды балабақша өміріне белсенді қатыстыру, жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Біз ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне үнемі қатыстырамыз, ашық көрсетілімдерге шақырамыз, балабақшадағы дәстүрлі іс-шараларға, көрмелерге, жарыстарға қатысуға шақырамыз. Әрине ата-анамен жұмыс жүргізуде тиімді формалары: кеңес беру, сауалнама жүргізу, жеке әңгімелесу, ал ең бастысы бірлескен шығармашылық жұмыс. Ата-аналар «Күздің сыйлықтары», «Қуыршақ-өз қолыммен» көрмелерін, «Менің бақытты отбасым» фотокөрмесін ұйымдастыруға, «Менің бақытты жаңұям» қабырға газетін әзірлеуге үлесін қосты.

Оқу жылы барысында білім мен тәрбие берудің бірегейлі кеңістігін құру, отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығын жетілдіру мақсатында 2 рет жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлап, оқу жылының мақсат, міндеттерімен таныстырып, сауалнама жүргізіліп, «Бірлескен іс- нәтижелі көрсеткіш» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Жылдық жоспарға сәйкес әдіскер және тәрбиешілер тарапынан түрлі тақырыптар бойынша ата-аналарға кеңестер берілді.

Ата-аналармен құқықтық тәрбие, өрт қауіпсіздігі және жол жүру ережелері бойынша жұмыстар жүргізілді:

Барлық топтарда ата-аналарға арналған «Ата-аналар бұрышы», «Ата-аналар, сіздер үшін» атты тақта т.б. бүктемелі папкалары хатталған.

### **Медициналық кабинетінің жұмысы.**

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша жылдық міндетін орындау үшін бірқатар іс-шаралар жүргізілді. Бөбекжай-балабақшада медициналық қызмет көрсету жұмысын мейірбике Ж.Зарипова орындап келеді. Ол балалардың дене бітімінің дамуына және денсаулығына, тамақты ұйымдастыруына бақылау жүргізеді. Тамақ 3 мезгіл беріледі. Ас мәзірі күнделікті әртүрлі, талаптарды есепке ала отырып жазылады. Әзірленген тамақтың сапасын бақылау жүйелі түрде балабақша медбикесі, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметкерлері жүргізеді. Тамақты ұйымдастыру бақылауының қорытындысы бойынша кемшіліктер, ескертулер жоқ.

Балабақша жұмысының негізгі мақсаттарының бірі балалардың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту. Ұжымдағы жұмыстың негізгі бағыттары – балалармен

сауықтыру және аурудың алдын алу жұмысын жүргізу. Барлық жасерекшелік топтарында түрлі шынықтыру шаралары жүргізіледі:

- балалардың жеңіл киім киюі,
- жыл мезгіліне сәйкес киім кию,
- шыңтағына дейін салқын сумен қолдарын жуу,
- тұзды-йод ерітіндісімен тамақты шаю,
- серуен кезіндегі белсенділік қимылы,
- таза ауада серуеннің ұзақтылығы,
- тыныс алу жолын реттейтін жаттығулар,
- нүктелі массаж,
- топты желдету, топты кварцтау,
- ылғалы жинастыру,
- ас мәзіріне «С» дәруменің, сарымсақ, шырын, көкөніс пен жемістерді қосу.
- «Оксалин» майымен мұрын жолдарын жағу,

Таңертенгілік жаттығу күнделікті өтеді, дене шынықтыру бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі, барлық жоспарланған спорттық ойын-сауықтар уақтылы өтеді.

Барлық жасерекшелік топтарында «Денсаулық бұрышы» хатталған. Оның ішінде ата-аналар үшін ақпарат (ас мәзірі, балалардың антропометриялық мәліметтері, дәрігердің кеңесі) орналастырылған. Осындай шаралар кешені онтайлы нәтиже береді. Жыл ішінде еш бір жұқпалы аурулар (гепатит, паратит т.б.) тіркелген жоқ. Жарақаттанған жағдайлар да болған жоқ.

«Д» есебінде тұратын балалармен ерекше бақылау жүргізіледі.

№	Аурулардың атауы	2021-2022	2022-2023
1	ЛОР аурулары	0	0
2	Тіл мүкісі	0	0
3	Анемия	0	0
4	Хирургиялық аурулары	0	0
5	Көз аурулары	0	0
6	Өкпе қабынуы (пневмония)	0	0
7	Без аурулары (эндокрийные заболевания)	0	0
8	Орталық жүйке жүйесінің (ЦНС)	0	0
9	Жүрек тамырлар жүйесінің (сердечно-сосуд.забол)	1	0
10	Бауыр аурулары	0	0
11	Басқа аурулар	0	0
	<b>Барлығы:</b>	<b>1</b>	<b>0</b>

## **2023 -2024 оқу жылының мақсаты мен міндеттері:**

### **Мақсаты:**

Қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ету;

### **Міндеттері:**

- Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту және әлеуетін ашу.
- салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар қалыптастыру.

## Мектепке дейінгі ұйымды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

№	Құжаттың атауы	Құжаттардан нұсқаулар
1.	<p>«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.                      Заңы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319</a></p>	<p>30-бап. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту</p> <p>1. Алты жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу отбасында немесе бір жастан бастап мектеп жасына жеткенге дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы және ұсынымдары ескеріле отырып, мектеп жасына жеткенге дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады</p> <p>2. Мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқытуға мектепалды даярлық түрінде бес жастан бастап жүзеге асырылады.</p> <p>Мектепалды даярлық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы мектепалды даярлық тегін болып табылады.</p>
2.	<p>«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-I Қазақстан Республикасының Заңы.  <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151</a></p>	<p>Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.</p>
3.	<p>«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан</p>	<p>Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және</p>

	<p>Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. (23.11.2010 № 354-IV ҚРЗ өзгерістермен).</p> <p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345</a></p>	<p>шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.</p>
4.	<p>«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 306 Заңы.</p> <p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306</a></p>	<p>Осы Заң ойыншықтар қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі талаптарды айқындау, белгілеу, қолдану, орындау және бақылау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді. Ойыншықтарға қолдануға және орындауға міндетті бірыңғай талаптарды белгілейді.</p>
5.	<p>«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.</p> <p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293</a></p>	<p>Осы Заң педагог мәртебесін айқындайды, педагогтің құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.</p>
6.	<p>Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ (2016 жылғы 6 сәуірдегі № 483-V ҚРЗ өзгерістермен).</p> <p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414</a></p>	<p>Кодекс қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы еңбек қатынастарын реттейді, еңбек шарты тараптарының құқықтары мен міндеттерін, еңбек жағдайларын белгілеу және өзгерту тәртібін, кепілдіктер мен өтемақыларды, көтермелеу және өндіріп алу шараларын, сондай-ақ еңбек құқығының басқа да мәселелерін айқындайтын нормаларды қамтиды.</p>
7.	<p>«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы № 258 Конституциялық Заңы.</p> <p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000258">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000258</a></p>	<p>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін пайдалану тәртібі айқындалған.</p>

8.	<p>«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ.  <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000379">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000379</a></p>	<p>Осы Заң мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің құқықтық жағдайларын, оның жүзеге асырылу тәсілдерін айқындайды және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын дайындау мен іске асыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу, орындау және тоқтату процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.</p>
9.	<p>«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы.</p>	<p>Осы Заң кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындайды, дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісімен байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған.</p>
10.	<p>Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы.  <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166</a></p>	<p>Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда штат саны мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына сәйкес белгіленеді. Педагогтердің штаттық кестесі мен тарифтеуі мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылады.</p>
11.	<p>«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы.  <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726</a></p>	<p>Жобаның негізгі бағыты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Баланың жайлы және қауіпсіз болуын қамтамасыз ететін инфрақұрылым құру, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығы мен түрлеріне қарамастан, мектепке дейінгі ұйымда балалардың инклюзивтілігін, даралығы мен ерекшеліктерін қолдауды қамтамасыз ететін білім беру кеңістігін</p>



		құру.
12.	«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137</a>	Модельде дені сау, тәуелсіз, ізденімпаз, коммуникативті, сыни тұрғыдан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруді көздейтін тәрбие мен оқыту жүйесін трансформациялау арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың бағыты мен принциптері анықталған.
13.	«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249</a>	Тең бастапқы мүмкіндіктер жасау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті кеңейту. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мазмұнды Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі шеңберінде жаңғырту. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын көшбасшылық негізінде басқару тиімділігін арттыру.
14.	«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329</a>	Мектепке дейінгі ұйымдардың қызмет тәртібі мен міндеттерін, жас топтарының толымдылығын және т. б. анықтайды.
15.	«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім	Қағидалар меншік түріне, нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мемлекеттік білім беру тапсырысы бар мектепке

	және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 464 бұйрығы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030643#z4">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030643#z4</a>	дейінгі ұйымдарға мектеп жасына дейінгі балаларды бос орындарға қабылдау (кезекке қою, жолдама беру, құжаттарды қабылдау, мектепке дейінгі ұйымға қабылдау) тәртібін айқындайды.
16.	«Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы БҒМ 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 Бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ Министрі м.а. 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №726 бұйрығы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008390">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008390</a>	Білім беру ұйымдарының түрлерін тиісті үлгілері бойынша анықтайды: бөбекжай, балабақша, отбасылық бөбекжай, санаториялық бөбекжай, «бөбекжай-балабақша-мектеп» кешені, мектепке дейінгі шағын орталық.
17.	«Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 459 бұйрығы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025925">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025925</a>	Білім беру мониторингін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.
18.	«Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 103 бұйрығы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032334#z100">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032334#z100</a>	Мектепке дейінгі ұйымдар әкімшілік деректерді жыл сайын нысандарда белгіленген мерзімдерде электрондық форматта сапалы, дұрыс және уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.
19.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан	Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын анықтайды. Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны оқытудың күтілетін нәтижелері нысанында

	<p>Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.  <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031</a></p>	<p>ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, жас балаларда қимылды, коммуникативтік, когнитивтік, шығармашылық, әлеуметтік білім мен дағдыларды қалыптастыруға және тәрбиелеу мен оқыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған. Бір жастан бес жасқа дейінгі балалар үшін оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарды айқындайды және денсаулық сақтау, коммуникативтік, тілдік, когнитивтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдылар саласында туғаннан бастап 1 сыныпқа түскенге дейінгі балалар үшін жасына сәйкес дағдыларды нақтылайды.</p>
20.	<p>«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығы.  <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275</a></p>	<p>Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жас) және мектеп жасына дейінгі балаларға (3-5 жас) арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады.  Мектепке дейінгі білім берудің вариативті оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жасын, психофизиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушілерге арналған оқу жүктемесінің максималды көлемі сақталады.</p>
21.	<p>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ министрі м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы.</p>	<p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны Үлгілік оқу жоспарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына сәйкес мыналарды қамтиды:  1) тәрбие-білім беру процесінің міндеттерін іске</p>

	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030183#z3">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030183#z3</a>	асыру; 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны; 3) білім беру қызметін тиімді интеграциялау; 4) тәрбие мен оқытудың сабақтастығы, үздіксіздігі қағидаттарын қамтамасыз ету; 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері.
22.	«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029326#z3">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029326#z3</a>	Педагогтер құжаттарды қағаз немесе электрондық (білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған кезде) форматта толтырады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының және мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарының педагогтері, тәрбиеші қазақ тілі мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) жөніндегі нұсқаушымен, музыкалық жетекшімен бірлесіп: 1) оқу жылы басталғанға дейін бір рет Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспарын әзірлейді; 2) апта сайын тәрбие-білім беру процесінің циклограммасын жасайды; 3) оқу жылының басында бір рет баланың оқу жылына арналған жеке даму картасын әзірлейді және диагностиканың (бастапқы, аралық, қорытынды бақылау) нәтижелері бойынша жеке даму картасына өзгерістер енгізеді.
23.	«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан	Білім беру ұйымдарын бағалау Өлшемшарттары білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-

	<p>Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы.  <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053</a></p>	<p>өзі бағалауды жүзеге асыру кезінде оларды пайдалану мақсатында «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2) тармақшасына сәйкес әзірленді.  «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік аттестаттау болып табылмайтын білім беру ұйымдарын жыл сайынғы бағалау оқу нәтижелеріне бағалау жүргізбей өткізіледі, сонымен қатар білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ескере отырып, бағаланатын кезең толық оқу жылы болып табылады</p>
<p>24.</p>	<p>«Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығы.  <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021443">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021443</a></p>	<p>Міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың нысаналы топтары, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемі.</p>
<p>25.</p>	<p>«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-</p>	<p>Баланың өмірі мен денсаулығын, баланың физикалық, эмоционалдық және психикалық</p>

	<p>эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы.</p> <p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469</a></p>	<p>дамуын қорғау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету.</p>
26.	<p>«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 265 бұйрығы.</p> <p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G22H0000265#2">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G22H0000265#2</a></p>	<p>Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен жабдықтау нормалары анықталды.</p>
27.	<p>«Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы.</p> <p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029323">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029323</a></p>	<p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тәртібін айқындайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда орналастырылады.</p>
28.	<p>Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы.</p>	<p>Мектепке дейінгі ұйымдарда қолдануға арналған оқу-әдістемелік кешендердің тізімі анықталды.</p>

	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы.  <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708/links">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708/links</a></p>	
29.	<p>«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығы.</p>	<p>Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Білім беру ұйымы жыл сайын:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық даму жоспарын жасайды және өтінім дайындайды.</li> <li>2) 1 (бірінші) маусымға дейін: облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тиісті білім беруді басқару органдарына (бұдан әрі – Білім беруді басқару органдары) педагогтерді курстарға жіберу туралы өтінімді дайындайды.</li> </ol>
30.	<p>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына</p>	<p>Педагогтерді аттестаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібін айқындайды.</p> <p>Педагогтерді аттестаттау «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес бес жылда бір реттен сиретпей өткізіледі.</p> <p>Білім беру ұйымдарының басшылары: атқаратын лауазымына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.</p>

	өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031490#z10">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031490#z10</a>	
31.	«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513</a>	Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру тәртібін айқындайды.
32.	«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001193">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001193</a>	Лауазымдық жалақыны есептеу үшін қолданылатын коэффициенттер анықталған.
33.	«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414</a>	Объектілердің терроризмге қарсы қауіпсіздігін мекеменің бірінші басшысы ұйымдастырады. Басшының бұйрығымен объектінің антитеррорлық қауіпсіздігі шараларының орындалуын қамтамасыз ететін тұлға анықталады. Объект басшысы тиісті бұйрық шығарады, функциясы лауазымдық міндеттеріне енгізіледі.
34.	«Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтандыруға қойылатын талаптар, мемлекеттік мектепке дейінгі



	<p>қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 бірлескен бұйрығы.  <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239</a></p>	<p>білім беру ұйымдарында белгіленетін бейнесигналды беру үшін жабдықтар мен байланыс желілеріне қойылатын стандарттар мен талаптар айқындалған.</p>
35.	<p>«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы.  <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027394#2">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027394#2</a></p>	<p>Білім беру ұйымдары педагогтерінің лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- білім беру ұйымдарындағы олардың орны мен рөлін айқындайтын құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді жасауға;</li> <li>- педагогтердің міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін бекітетін лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеуге;</li> <li>- кадрларды іріктеу және орналастыру, олардың дұрыс пайдаланылуын бақылауды жүргізуге;</li> <li>- білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін өткізуге негіз болады.</li> </ul>
36.	<p>Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат.  «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады.</p>	<p>Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы.</p>

## 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары.

**Мақсаты:** Қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ету.

- **I кезеңнің міндеттері:** Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту және әлеуетін ашу.

Жылдық жоспардың тараулары	АЙЛАР										Жауапты/ Ескерту
	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	
<b>1. Саламатты өмір салтын ұйымдастыру:</b> <b>Мақсаты:</b> денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы мектепке дейінгі ұйымның балалары мен педагогтерінің саламатты өмір салтын қалыптастыру.											
ҰІӨ (ДШ) «Дене шынықтыру»	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	Дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушылары. ҰІӨ Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Режимдік сәттер (РС)	РС Же 4		РС Же 1	РС Же 3	РС Же 4		РС Же 3	РС Же 0		РС Же 2	Күн тәртібіне сәйкес. Же 0 - ерте жас тобы Же 1 – кіші жас тобы Же 2- орта жас тобы Же 3 - ересек жас тобы Же 4 - мад тобы
Денсаулық күндері (ДК)		ДК					ДК			ДК	Әдіскерлер, дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушылар, тәрбиешілер. ДК тоқсан сайын. Тақырыбы мен нысаны осы жылға бекітілген міндеттерге сәйкес
Дене шынықтыру сауықтыру іс-шаралары (ДШСШ)	ДШ СШ	ДШС Ш	ДШСІ Ш	ДШС Ш	ДШС Ш	ДШ СШ	ДШС Ш	ДШ СШ	ДШ СШ	ДШ СШ	Дене шынықтыру нұсқаушыларының жоспарына сәйкес. ДШМ - барлық топтарда айына 1 рет.
Дене шынықтыру мерекелері (ДШМ)						ДШ М Же 3			ДШ М Же 4		Дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушылары. Ересек және мектепалды топтарда жылына 2 рет өткізіледі. Тақырыбы мен нысаны осы жылға бекітілген міндеттерге сәйкес
Тиімді түрде үйлестірілген тамақтануды ұйымдастыру:		ТТҰТ Ұ	ТТҰТ Ұ	ТТҰ ТҰ	ТТҰТ Ұ	ТТҰ ТҰ	ТТҰТ Ұ	ТТҰ ТҰ	ТТҰ ТҰ	ТТҰ ТҰ	Санитарлық ережелерге сәйкес емдәм.

Медициналық-педагогикалық бақылау (МПБ)		<b>МПБ</b>							<b>МПБ</b>		Мейірбикенің жоспарына сәйкес, жылына 2 рет өткізіледі. Дене шынықтыру бойынша ҰІӨ жалпы және моторлық тығыздығы, антропометрия, өкпе қуатын өлшеу, динамометрия, лақтыру және секіру қашықтығын өлшеу
<b>2.Педагогтермен жұмыс:</b> <b>Мақсаты:</b> мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің өз білімін жетілдіру дағдыларын дамыту және шыңдау бойынша жұмыс жүргізу; жас мамандардың құзыреттерін жетілдіру және озық педагогтермен тәжірибе алмасу.											
Педагогтерді аттестаттауды жүргізу (ПА)		<b>ПА</b>					<b>ПА</b>	<b>ПА</b>			Педагогтер, аттестаттау комиссиясы.

											Индикативтік жоспарға сәйкес.
Біліктілікті арттыру (БА)		<b>БА</b>									Біліктілікті арттыру Педагогтердің біліктілігін арттыру жоспарына сәйкес 3 жылға жүргізіледі.
Жас мамандармен жұмыс (ЖМЖ)		<b>ЖМ Ж</b>			<b>ЖМ Ж</b>			<b>ЖМ Ж</b>	<b>ЖМ Ж</b>		Әдіскер, педагог-психолог, тәжірибелі педагогтер. Жылдық жоспарға сәйкес.
Әдістемелік бірлестіктің жұмысы (ӘБЖ)		<b>ӘБЖ</b>		<b>ӘБЖ</b>			<b>ӘБЖ</b>			<b>ӘБ Ж</b>	Әдіскер. Жылдық жоспарға сәйкес
Педагогтерге арналған кеңестер (ПАК)		<b>ПАК</b>	<b>ПАК</b>	<b>ПАК</b>	<b>ПАК</b>	<b>ПАК</b>	<b>ПАК</b>	<b>ПАК</b>	<b>ПАК</b>	<b>ПАК</b>	Әдіскер, педагог-психолог. Жылдық жоспарға сәйкес.
Әдістемелік кабинеттің жұмысы (ӘКЖ)		<b>ӘКЖ</b>	<b>ӘКЖ</b>	<b>ӘКЖ</b>	<b>ӘКЖ</b>	<b>ӘК Ж</b>	<b>ӘКЖ</b>	<b>ӘК Ж</b>	<b>ӘК Ж</b>	<b>ӘК Ж</b>	Менгеруші, әдіскер. Жылдық жоспарға сәйкес.
Озық тәжірибе мектебі (ОТМ)		<b>ОТМ</b>	<b>ОТМ</b>	<b>ОТМ</b>	<b>ОТМ</b>	<b>ОТМ</b>	<b>ОТМ</b>	<b>ОТМ</b>	<b>ОТМ</b>	<b>ОТМ</b>	Менгеруші, әдіскер. Жылдық жоспарға сәйкес.
<b>3. Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру:</b> ұйымдастырылған әрекет		<b>ҮІӨ</b>	<b>ҮІӨ</b>	<b>ҮІӨ</b>	<b>ҮІӨ</b>	<b>ҮІӨ</b>	<b>ҮІӨ</b>	<b>ҮІӨ</b>	<b>ҮІӨ</b>	<b>ҮІӨ</b>	Әдіскер. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру стандартының талаптарын орындау.
Білім беру процесінің ашық				<b>АК</b>		<b>АК</b>	<b>АК</b>			<b>ҚК</b>	Әдіскерлер, педагогтер. Жылдық жоспарға

көрсетілімі (АК) қорытынды көрсетілім (ҚК)											сәйкес.
Педагогикалық кеңес(ПК)	<b>ПК</b>			<b>ПК</b>		<b>ПК</b>		<b>ПК</b>		<b>ПК</b>	Педагогтер, мамандар. Педагогикалық кеңес туралы ереже негізінде.
